

6 шағынауданына "Д.А.Қонаев атындағы шағынаудан" атауын тағайындау туралы

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2008 жылғы 2 шілдедегі N 9-12 шешімі және Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 5 маусымдағы N 1403 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 15 шілдеде N 7-1-103 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6, 31 баптарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 13 бабына сәйкес, шағынаудандар тұрғындарының өтініштерін және қалалық ономастикалық комиссияның шешімін қарап, Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ** және Орал қалалық әкімдігі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. 6 шағынауданына "Д.А.Қонаев атындағы шағынаудан" атауы тағайындалсын.
2. Осы шешім мен қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Орал қалалық мәслихатының *Орал қаласының әкімі*
кезекті *9-шы* *сессиясының*
төрайымы
Орал қалалық мәслихатының
хатшысы